

К.И. ҚҰДАБАЕВА

КЕҢІСТІК ДИЗАЙН САЛАСЫН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІ

In the given article is discovered the design technology teaching of students. For giving good knowledge students should be taught by laws of nature and categories of philosophy, cause one clarifies the other one. Philosophy theorized and classified the laws of nature. So, author of article suggests the structure of design technology teaching of student. The structure of spatial design includes criteria apparatus for revealing knowledge, skills, habits and creative peculiarities of students according to their abilities. As a part of spatial design there is given an example of teaching of projecting elements of city landscape. Revealing functional peculiarities in society and the types of garden-city, internal and external compositional forms and their perception. Besides, there are given also the small forms of architecture, their peculiarities with other elements, functions and their decorations.

Дизайн мамандық шығармашылық адамдардың арқасында көрнекті де мәдени даму мен өмірді ұйымдастыруда қоғамда өзінің тиесілі орнын тапты.

Дизайнға бағыт алған мемлекеттер – Германия, Италия, США, Япония. өндіріс пен сауда аталған мемлекеттерде дизайнға тапсырыс беруші болып табылады. Скандинавия, Италия, Японияда дизайн барлық іс-әрекет түрлерін қамтиды. Сонымен қатар Великобританияда, Францияда, Россияда заттық, ғылыми-техникалық шығармашылықтық, көркемөнерде мәдени дамыған және бай мемлекеттерде дизайн мәдениеті жоғары деңгейде көрініс тапқан.

Дизайн проектілі-көркемдік іс-әрекет түрі, адамды қоршаған заттарды жасаумен байланысты, визуалды коммуникациялық және ақпараттық жүйе, адамның бастапқы функционалды және рационалды іс-әрекеті мен өмірін ұйымдастыру. Дизайнер өз жұмысында барлық проектілі құралдарды: техникалық конструкциялаудан, композиция, компоновка-композициялық форма құру, стилде образдау; функционалдық талдаудан-ұйымдастырушылыққа, концептуалдық заттық ортаны моделдеуге дейін қолданылады. Дегенмен, құралдардың бәрі заттар әлемін және коммуникациялық әлемнің мәселелерін жалпы мәдени, көркем-образда дизайнермен түйсінуге бағытталған. Осылайша екіншіден табиғатты принциптік әдістердің негізінде бастауын табуға бағыттайды. Оған; функционалдық талдау, компоновка, кеңістікті құру, графикалық композициялық құрылымдау, стилизациялау т.б. жатады.

Дизайн мақсаты: адамның түрлі қажеттілігін қанағаттандыру, идентификациялық мәдени қажеттілігін, заттық және ақпараттық өмір ортасы мен адам іс-әрекетін көркем-образдық моделдеу негізінде сапалы ұйымдастыру. Суретшінің формамен жұмысы, сондықтан форманы образдау процесі белгілі принципке сүйенеді. Форма дизайнердің алдына қойған міндеттерін интеграциялайды: утилитарлық, әлеуметтік мәдени, көркемді-технологиялық етеді.

Қоғамда мыңжылдан астам мәдени-материалды заттар қолданыста жүргені мәлім. Оларға Ертедегі Египеттен бастап мәдени-материалды заттар протодизайн және дизайн тарихына ендірілген. Онда дизайн объектісі болып- дөңгелек, стол, аяқ-киім, киім-кешек, қару-жарак, жазба құрал-жабдықтары, күрек, балта т.б. есептелген. Оларды адамдар түрлі қажеттілігін өтеуде қолданған. Бүгінгі таңда оларды безендіріп қолданысын оданда кеңейтіп жетілдіріп, қоғамның талабына сай пайдалануда. Олар тұрмыстық заттар дизайны деп аталады.

Жалпы дизайн сонымен қатар қазақстанда да кеңінен қарастырылуда. Қазақстан дизайнерлер Одағында төрт топқа бөлінген дизайнның бағдары орын алған. Оларға

графикалық дизайн, көлемді дизайн және кеңістік дизайны жатады. Оларға жете тоқталып кетуге болады.

Графикалық дизайн: Графикалық дизайн, реклама және сауда полиграфия, графика, кітап дизайны, графикалық дизайн 1920 жылдары дизайнның негізгісі болды. баспа жұмысы революциялық мәдениетті көтеруге бағытталған, сауатсыздықты жоюда, сонымен қатар революцияға дейін дәстүр бойынша кітап баспасын басқа өндірістерге қарағанда жетік дамыды.

Кітаптарды, білімді, марапаттау қағазын жариялау қатты өріс алды. Көркем әдеби, жалпы ғылым, техника, сериялы иллюстрациялық журналдар көп тиражды болып баспадан шығарылды. бұл товар біріншіден дизайнерлік шешім қабылдауды, екіншіден сауда рекламасы мен ұйымдастыруды талап етті.

Архитектон-К. Малевичтің ойлап тапқан образды-формалық принципке негізделген супрематизмді көлемді гимараттарға, оригиналды мүсінді-сәулет моделін енгізуді анықтайды. Архитектоны – бір типті көлемді геометриялық тік бұрышты призма мен кубтар композициясы, вертикалды және горизонталды ырғақта бағындырылған құрылым. Бұнда үш масштабты форма- үлкен, аралық және кішкентай композиция құрылады [1].

Келесі дизайн саласы фирмалық келбет, полиграфия, сыртқы жарнама, веб-дизайн, анимация – көрініс, фотографика т.б. болып табылады.

Полиграфиялық дизайн, оған журнал, газет, кітап т.б. жатады. Газет бірнеше шрифты бөлімнен тұрады. Газеттің біріншісі шрифты газеттің атауына арналады және бастапқы тақырыпқа арналады, екіншісі бастапқы тақырыпты бірнеше бөліктерді құрап қосымшасы ретінде жазылады, үшіншісі негізгі текстке арналады. Оған басты шрифт, оған қосымша шрифті және мазмұнды ашатын негізгі текст жатады. Текст солжақ немесе ұзындығы бойынша орналастырылады. Суреттерге арналған жазулар нақты жазылады. Дизайнерлер қандай болмасын нақты элементтер қолдансада аталған ережеге сүйену керек.

Кітап дизайны.

Кітап сыртының дизайн концепциясы бірнеше факторларға байланысты болады. Әдеби шығарма, кітап жанры, оның тақырыбы т.б. болады. Кітапты баспадан шығаруда-барлық авторлар, редакторлар, дизайнерлер, переплетчиктер, фотографтар, иллюстраторлар, типография жұмыскерлерінің бір-бірімен қарым-қатынастық байланыс процесі негізінде жасалады. Барлық жұмыскерлер кітапты баспадан шығарудың соңғы нәтижесіне еңбек етеді.

Кітаптар бірнеше түрлерге бөлінеді. Соның бірі көркемшығарма әдебиеті, ғылыми әдебиет, мектепке арналған оқулықтар, балаларға арналған кітаптар т.б.

Журнал. Журналда көрнекі материалдар кітапқа қарағанда көп қайталаынады. Онда көрнекі материалдар жоғары деңгейде жанр көлемінде қайталанып, бағасы онша қымбат емес және сапалы қағаздан жасалады. Коллекциялық фотожурналдар ең жоғары сапалы қағаздан жасалады. Меншік журналына бренд (сапалы қағаздан) жасалады.

Дизайнерлер және студия- портфолиосы. Дизайнерлер және студия-портфолиосында автор өзіне ұнаған немесе сұраныстағы материалдарының жинағын сақтайды.

Брашюралар мен каталогтар. Брашюралар мен каталогтар барлық компаниялар үшін негізгі құжат болып табылады. Әр бір брашюралар мен каталогтардың спецификалық бағытты мақсаты және өзінің міндеттері болады. Аталған екі факторды ісәрекеті анықтау қажет.

Брашюралар. Брашюра-жұқа кітапша немесе буклет түрінде болады. мазмұнында жарнамалау немесе жазбаша ақпарат беріледі. Форматы қолайлы, өлшемі мен пішіні түрлі болады.

Каталог. Каталогта жоғары деңгейде орындалған өндірілетін зат бейнеленеді. Өндірілетін зат секцияда және категориясы бойынша орналастырылады. Каталогтағы ақпарат бірден көзге түсуі қажет. Сондықтан оны анық, айқын көзге бірден қабылданатын етіп орналастырады.

Каталог типтері; Мысалы өндірілетін зат (азық-түлік). Өндірілетін зат (азық-түлік) компаниясы үшін талаптары; функционалдылығы, жалпы түрі, техникалық және өндірілетін зат (азық-түлік) деталдарының спецификасы болу керек. Каталогтың өзі бағасы төмен қағаздан жасалып, паспорты тегін таратылады.

Жиһаз каталогы. Жиһаз каталогы сапалы, қымбат қағаздан жасалады. Каталогта өндірілетін заттардың қоғамдағы қолданысынан көрінісі беріледі. Интерьердегі өндірілетін затды орналастыру жобаларынан көріністер беріледі. Титулды бетте жылдық есебі беріледі. Өндіріс каталогі-мода немесе фирманың өндірген заттары негізгі маркетинг инструменті болып табылады. Өмір стилі және реалды немесе алға ұмтылысы бейнеде (бренд құндылықтары) беріледі

Дизайында макет, формат, түстерді және сурет салғанда есепке алу керек (фотографиялар, иллюстрациялар, графиктер, таблицалар, диаграммалар, мазмұнын ашып көрсетуде көрнекіліктерді пайдалануға болады [2].

Көлемді дизайн: өнеркәсіп дизайны, жиһаз, киім, флористика, арт. дизайн.

Кеңістік дизайны: сәулет, экстерьер, интерьер, кіші көлемді формалар, ландшафт, эксподизайн, жарық-сәуле және түс бояу әрлеуі;

Ертеден келе жатқан **тұрмыстық заттар дизайнына** сәндік-қолданбалы өнер материалдары жатады. Дегенмен студенттерді 1 суретте берілгендей мысалы, кеңістік дизайн саласын оқыту процесінің құрылысын ұсынуға болады.



1 сурет - Кеңістік дизайн саласын оқыту процесінің құрылысы

Демек, жоғарыда қарастырған дизайн түрлерін тұтас процес ретінде қабылдап философиялық категорияда жүйесін ұсынуға болады оны 1 суреттен көруге болады. Оған мысал, кеңістік дизайн саласын оқыту процесінің құрылысы бойынша бір мысал ретінде қалалық ландшафт элементерінің түрін талдау беру керек


Кеңістік дизайн саласын оқыту процесінің құрылысы бойынша бір мысал ретінде қалалық ландшафт элементі алынды. ерінің түрін талдауды студенттерге беру керек. Онда қалалық ландшафт элемент қызметінің ерекшелігіне тоқталу керек. Содан кейін тіршіліктегі қолданысына айтып, көркемделу жағына кеңінен тоқталады. Одан кейін нақты талданып отырған қалалық ландшафт элементтің өзіне тоқталады. Студенттің аты жөні, композиция заңын, композиция мәнерлеу-тәсіліне, композициялық эмоционалды эстетикалық сапасын (2,3,4) тірек жобада берілген сұрақтарға сүйеніп талданады. Студент тапсырмасын тапсыруға дайын болғанда 5 тірек жоба беріледі. Онда студент өзі таңдап алған фото суретін немесе макетін жазбаша немесе ауызша жауап береді.

Композиция заңын талдау

1. Заттың шектелген пішіні, фактурасына анықтама беру.
2. қалалық ландшафт элементерінің өз түсінігі бойынша талдау жасау.
3. Үлкен, орташа, кіші қалалық ландшафт элементерінің кеңістіктегі шамасын анықтау.
4. Көру ортасына не жатады, оның әсері қай шамада?
5. Қандай қалалық ландшафт элементері нақты шешімде көрсетілген. Ол үшін не қолданылған?
6. қалалық ландшафт элементерінің тепе-теңдігін қалай байқауға болады?
7. қалалық ландшафт элементерінің ырғағы мен сымбаттылығы қандай дәрежеде?

№ 2 тірек жоба

Композиция заңы



Композиция мәнерлеу-тәсіліне талдау

1. Симметрия деген не? Симметрия қолданған ба, қолданса не үшін қолданылған?
2. Ассиметрия деген не? Ассиметрия қолданса, композициялық тепе-теңдікті қалай шешкен?
3. Көру ортаның нақтылығын қалай тапқан / қалалық ландшафт элементерінің т.б./?
4. қалалық ландшафт элементерінің айналмалығы динамика/, тұйықталған / статика/ тәсілін не үшін қолданылған?
5. Басты қалалық ландшафт элементерінің масштабы қандай, неліктен?
6. Вертикаль және горизонталь не үшін қолданылған?
7. Ырғақ қандай роль атқарады?
8. қалалық ландшафт элементерінде сәулет түрлерін мәнерлеудегі декор мәні.

№ 3 тірек жоба



Композициялық эмоционалды эстетикалық сапасын талдау

1. Қалалық ландшафт элементерінің суық немесе жылы реңді шешіміне сипаттама беру.
2. Неліктен қарама-қарсылық шешімді қолданған?
3. Қарама-қайшылықты шешімінің мәні неде?
4. Нышанды шешімінің мәні неде?
5. Қандай техникалық тәсілдер қолданылған?
6. Жалпы осы түсті, өнді, дақты шешімді қолданудың мақсаты не?
7. Бұл заттың тәрбиелік және эстетикалық мәні неде? [3].

№ 4 тірек жоба



Студенттерге ескертуді аталған сала бойынша төмендегідей ұсыныстар жасауға болады.

• **Ландшафты безендіру элементтері**

Тірі мозайка

Ковкамен жұмыс

Чекан элементі

Ою, резба, мүсін, розетка, жарықтар, сушашпа т.б. болып табылады.

- **Интерьерді безендіру элементтері**

Тірі мозайка
Ковкамен жұмыс
Чекан элементі
Ою, Резба
Теріден
Шүберектен
Қағаздан т.б. болып табылады.

Ландшафты безендіру мерзімдері

- Күзде
- Көктемде
- Қыста
- Жазда


Мерекелерге байланысты

Безендіру түрлері.

**Ландшафты мерзімге байланысты
безендіру материалдары**

- Құм, тас, мұз, қар, ағаш, темір т.б. болып табылады.
- Осылайша **қалалық ландшафт элементеріне** нақтылы жеке-жеке талдау жасағаннан кейін № 5 тірек жоба арқылы студенттердің білімін тексеру керек.
- Гончарлық, тоқу, жиһаздық, ойып жасау, эмальдық, шынылық, обойлық, декоративтік, құймалау (литейным), чекандық т.б. **техникалық тәсілдер** безендіруде қолданылады.

№ 5 тірек жоба



Берілген № 5 тірек жобада стрелкалы үздіксіз сызықпен оқытушының білім беру жолы, ал үзік сызықты стрелкамен студенттің жауабы көрсетілген. Осылайша студенттердің нені жете түсінгенін, нені түсінбегеніне баса назар аудару керек екеніне көз жеткізуге болады.

Әуелі «дизайн», «кеңістік дизайн» саласының түріне өнерге анықтамасын беріп, кеңістік дизайн түрлеріне және нақты түріне тоқталып композициясының заңы, мәнерлеу-тәсілін, эстетикалық сапасын жатқа білген соң, әртүрлі кеңістік дизайн талдау жасау керек

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лаврентьев А.Н. История дизайна: учеб. пособие/А.Н. Лаврентьев. -Москва: Гардарики, 2007. -303 с.: ил.
2. Анатомия дизайна: реклама, книги, газеты, журналы Лакшми БХАСКАРАН. Справочники по основам дизайна Астрель Copyright © Roto Vision Sa 2006. (ООО «Издательство АСТ»).
3. Құдабаева К.И. Сәндік-қолданбалы өнерді оқыту теориясы мен технологиясы. Оқу құралы.- Қарағанды: Санат баспасы, 2005. - 110 б.

Редакцияға 27.08.2009 қабылданды.

О.И. ЛУЗИНА

ФОРМИРОВАНИЕ ГОТОВНОСТИ СТУДЕНТОВ К ОРГАНИЗАЦИИ ПРОЦЕССА ВОСПРИЯТИЯ НА УРОКАХ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

The article is dedicated to the problem professional preparation of professional skills of the students majoring in “Arts and Drawing”. The author outlines aspects of this problem in the process of teaching history and theory of arts. In the article is description the structural elements reading to the pedagogical activity.

Во все времена искусство служило связующим звеном между поколениями, выполняя важные функции познания мира и отражения его красоты, сохранения и передачи важной информации, с глубокой древности художественные произведения оберегались как святыни. Но и в настоящее время, когда имеются очень большие возможности познания мира, а накопленная за время существования человечества информация может быть передана с помощью сложных современных средств коммуникации, невозможно переоценить воспитывающие возможности искусства, сохраняющего весь накопленный человечеством эмоциональный опыт. Искусство, как особая сфера деятельности человека, аккумулирующая эмоционально-духовное наследие предыдущих поколений, помогает человеку не только строить контакты с миром и жизнью, осознавая свое место в мире, но также способствует совершенствованию личности. По мнению Л.С. Выготского, «все прикладное значение искусства, в конечном счете, и сводится к его воспитывающему действию» [1, с. 243]. Если наука помогает человеку освоить нужную ему информацию и стать специалистом, то искусство, по образному выражению Н.Г. Чернышевского, «помогает человеку стать человеком».

В современных условиях воспитание эстетической культуры личности, культуры восприятия, выходит за рамки частной проблемы эстетического развития личности. Важную роль играет приобщение подрастающего поколения к искусству в рамках всеобщего среднего образования, так как подавляющее большинство детей приобщается к культурному наследию именно на уроках литературы, музыки, технологии, изобразительного искусства в средней школе. Восприятие произведений искусства – это сложный, многоуровневый процесс, высшим проявлением которого является адекватное восприятие. Адекватное восприятие произведений искусства, являясь результатом динамического процесса зрительного и художественного восприятия,